

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 наурыздағы N 325 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 708 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.31. N 1460 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 наурыздағы N 325 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 10, 98-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Алматы экономика және статистика институты" жабық акционерлік қоғамы"

"Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің Ақпарат-баспа орталығы" - "Қазстатақпарат" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында)" деген жолдар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*